

Ұлытау

БЕРЕКЕ — БІРАКТЕ!

№12 (6572)

Сенбі

4 сәуір

2026 жыл


Газет 1940 жылдан бастап шығады

Аймақтық қоғамдық-саяси апталық

Облыс әкімінің жұмыс сапары

Қытаймен ынтымақтастық – аймақтың өркендеуі үшін маңызды қадам

Қытай Халық Республикасының Сиань қаласында өткен сауда-экономикалық ынтымақтастық форумы Ұлытау облысы мен Шэньси провинциясы арасындағы маңызды байланыстарды нығайтуға арналған алаңға айналды. Форум ҚР Бас консулдығының қолдауымен ұйымдастырылып, оған Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков бастаған делегация, мемлекеттік органдар өкілдері, сондай-ақ, қытайлық және қазақстандық компаниялардың 100-ге жуық өкілдері қатысты.



Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Форум аясында жоғары деңгейдегі келіссөздер жүргізіліп, екі тарап арасында өзара түсіністік туралы меморандумдарға қол қойылды. Бұл шараның басты мақсаты – Ұлытау облысы мен Шэньси провинциясы арасындағы стратегиялық серіктестікті нығайту, әрі өңіраралық ынтымақтастықтың болашақтағы даму бағыттарын айқындау болды.

Ұлытау облысының әкімдігі

форумда өңірдің инвестициялық әлеуетін таныстырып, екі жақтың өзара тиімді әріптестік орнату мүмкіндіктерін кеңінен талқылады. Өңір басшысы Дастан Рыспеков атап өткендей, Ұлытау облысы халықаралық ынтымақтастыққа ашық әрі инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасауға дайын.

Форумда инвестициялық жобалардың дамуы мен ынтымақтастықтың негізгі бағыттары кеңінен қарастырылды. Ұлытау облысының негізгі бағыттары бойынша, атап айтқанда, өнеркәсіп, тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылым және агроөнеркәсіптік кешен салаларын-

да бірлескен жобалар іске асырылмақ.

Жезқазған, Сәтбаев және Қаражал қалаларындағы тұрғын үйлерді қайта жаңғырту, металлургиялық шлактарды қайта өңдеу және сүт-тауар фермасын салу жобаларының құны 12,5 миллиард теңгені құрайтын 6 меморандумға қол қойылды. Бұл жобалар өңірдің экономикалық дамуына айтарлықтай ықпал етіп, жаңа жұмыс орындарын ашуға, ауыл шаруашылығын дамытуға және экологиялық тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

→ 3-бет

Жүрекжарды



Желіп жетті жетпісім...

Туған күн ғой жататұғын жылда кеп,
Жылдағыдан биыл өзге бұл ғадет.
Жатыр жұртым 70-іммен құттықтап,
Мен отырмын «өтірік пе, шын ба?» деп.

Жақсы адамның деме аты арымас,
Жан едім ғой жамандыққа жаны қас.
«70-ке мен келдім бе, – деп, шынымен?»
Өзіме өзім сенбей тұрмын өлі, рас.

Өмір-өзен жатқан ағып арналы,
Әрбір жастың болады өз салмағы.
Көрінуші ед Төле бидей төрдегі,
Бұрынғының бұл жастағы шалдары.

Мен туған ай – сәуір, көкек, апрель,
Әр он жасты елміз сынақ-саты дер.
Отызымда орда бұза алдым ба,
Аппысымда сұрады ма ақыл ел?

Жылқы жылдың жерді тарпып тұлпары,
70 жастың желпіндіріп тұр таңы.
Туған жердің туын ұстап жоғары
Ұлытауымның бола алдым ба ұлтаны?

Жеткен жастың жайында ғой әңгіме,
Бес күн жалған сыйластықпен сәнді ме?
Ере алдым ба келешектің көшіне,
Бере алдым ба ұрпағыма тәрбие?

Аяз бидің есіме алып тұмағын,
Аспай-таспай, тәубеме кеп тұрамын.
Жаға алдым ба Ыбырайдың шырағын? –
Мамандығым еді менің мұғалім.

Өмір – өзен, көрдік небір көпірін,
«Дәридайлап» жетті елге жеке үнім.
60-ымда жағам болған алты ағам,
70-імде тыныс болсын жеті інім.

Мұқаш СЕЙТҚАЗИНОВ

Құрметті
Мұханбетқали СЕЙТҚАЗЫҰЛЫ!

Сізді 70 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Саналы ғұмырыңызды ел игілігіне арнап, ұстаздық жолда сан шәкірт тәрбиелеп, ұлттық өнер мен руханияттың дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғасыз. Айтқас өнеріндегі жарқын жетістіктеріңіз, қазақ сөз өнеріне қосқан шығармашылық еңбектеріңіз бен қоғамдық қызметтегі абыройлы жолыңыз – кейінгі ұрпаққа өшпес өнеге.

Сіз – Ұлытау ауданының Құрметті азаматы ретінде өңіріміздің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып, ел сенімін ақтаған білікті басшы, парасатты ұстаз, халық құрметіне бөленген айтыскер ақынсыз. Өнер мен білімді ұштастырған тағылымды өмір жолыңыз – туған жер тарихының ажырамас бөлігі, ұлт руханиятының асыл қазынасы.

Ұлытау жұртшылығы Сізді әрдайым жоғары бағалап, еселі еңбегіңізді ерекше құрмет тұтады. Есіміңіз Ұлт ұясының абыройын асқақтатып, келешек ұрпаққа үлгі болып қала берері күмәнсіз.

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, шығармашылық шабыт пен толайым табыс тілейміз.

Ұлт руханиятына қосар үлесіңіз еселеніп, абыройыңыз арт берсін!

Аманжол МЫРЗАБЕКОВ,
Ұлытау ауданының әкімі

Ахат ҚҰРМАНСЕЙІТОВ,
аудандық мәслихаттың төрағасы

Бәрекелді!

Жаңа жинақ – оқырман олжасы

Додалы топта аты озған Мұқаш ақын өзінің мерейтойы қарсаңында төмам жұртты тамсантаып, ортаға тағы да бір олжа салды. Нақтылай түссек, оқырман қауымға «Дәридайдың дәптерінен» атты жаңа жинағын ұсынды.

Тәслима ОРАЗАЛЫҚЫЗЫ

Кітап аннотациясында атап өтілгендей, жинаққа өзінің бір шоғыр өлеңдері, әр кезеңде түрлі басылымдарда жарияланған мақалалары мен сыр-сұхбаттары топтастырылған. Сонымен қатар, танымал тұлғалардың автор туралы жүрекжарды жазбалары мен арнау өлеңдерге және табан астында тауып айтқан ұтымды уәждеріне де орын берілген.

Ұлытау ауданының әкімі Аманжол Мырзабековтің қолдауымен жарық көрген толымды жинақ Астанадағы «Кәусар» баспасында басылды.

Мұханбетқали Сейтқазыұлы

«Дәридайдың дәптерінен»



Билік пен бұқара

Ауылдағы қоғамдық қабылдау: жаңартулар мен даму жоспарлары

Ұлытау ауданында ауылдардың дамуы мен тұрғындардың өмір сапасын жақсарту бағытында маңызды қадамдар жасалуда. Осыған орай, аудан әкімі Аманжол Мырзабеков Егінді ауылында қоғамдық қабылдау өткізіп, ауыл тұрғындарымен кездесті. Кездесуде тұрғындар өздерінің ұсыныс-пікірлерін білдіріп, жергілікті мәселелер жан-жақты талқыланды.

Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Аудан әкімі өткізген қоғамдық қабылдаудың басты мақсаты – ауылдың тыныс-тіршілігін жақсарту, тұрғындардың өзекті мәселелерін шешу және олардың ұсыныстарын ескере отырып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ету болды. Кездесуде айтылған мәселелердің ішінде жолдар, байланыс жүйесі және инфрақұрылымдық жобалар басты назарға алынды.

Аудан әкімі Аманжол Мырзабеков өткен жылдағы кездесуінде берген уәдесіне сәйкес, ауылға дейінгі автокөлік жолын қырып, тегістеу жұмыстарына қаржы бөлінгенін атап өтті. Қазіргі уақытта мердігер компания анықталып, жақын арада жол жөндеу жұмыстары басталады. Бұл жаңалық ауыл тұрғындарын қуантты, себебі, көлік қатынасы мен ауылға келудің жайлылығы артатын болады. Сонымен қатар, ауыл ішіндегі көше жарығы бағандары жаңартылып, түнгі жарық жүйесі толық іске қосылды. Бұл ауылдың көркін арттырып қана қоймай, қауіпсіздікті де қамтамасыз етеді.

Егінді ауылында ұзақ уақыт бойы шешілмей келген ұялы байланыс мәселесі де назардан тыс қал-

мады. Аудан әкімі бұл мәселе бойынша нақты шаралар қабылданып, арнайы орын белгіленіп, байланыс операторларымен келіссөздер жүргізілетінін мәлімдеді. Қазіргі таңда тұрғындар ұялы байланыстың жақсаруы мен толыққанды жұмыс істеуін күтіп отыр. Сонымен қатар, биыл ауылдың электр жүйесін жөндеуге қаржы бөлініп, ол бойынша жұмыстар да жақын арада басталмақ.

Егінді ауылына көшіп келген отбасылардың өмірі мен тұрмыс жағдайы да әкімдіктің бақылауында. Биыл осы ауылға қоныс аударған көпбалалы Ұдырысовтар отбасы жаңа ортаға бейімделіп, еңбекпен күн көріп отыр. Отбасы мүшелері қосымша табыс тауып, жұбайы Феруза спорт тәлімгері болып жұмысқа орналасты. Балалары жергілікті мектепте білім алуда.

Айта кету керек, өткен жылдан бері Егінді ауылына 4 отбасы көшіп келіп, қазіргі таңда олар түрлі салада еңбек етіп жүр. Солардың бірі – жақында мектеп директоры қызметіне тағайындалған Гүлжайна Серікқызы. Ол ауыл өміріне тез бейімделіп, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, ауылдың дамуына өз үлесін қосуда.

Аудан басшысы көшіп келген отбасыларға қолдау көрсету мақса-

тында биыл әкімдік теңгерімдегі тұрғын үйлерге жөндеу жұмыстары жүргізілетінін мәлімдеді. Бұл ауылға жаңа қоныс аударғандардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мектеп жанынан мұғалімдерге арналған шағын жатақхана салу жоспары да қарастырылуда.

Өткен жылдары Егінді ауылындағы мектепте небәрі 20-ға жуық оқушы білім алса, қазіргі таңда қоныс аударған отбасылардың арқасында оқушылар саны екі есеге өсіп, 40-қа жуықтады. Бұл ауылдың әлеуметтік дамуына оң серпін берген нақты нәтиже болып табылады.

Ұлытау ауданының әлеуметтік дамуы үшін маңызды шаралар жалғасуда. Аудан әкімі сәуір айында оңтүстік өңірлерге арнайы іс-сапар ұйымдастырып, ауылға жаңа тұрғындарды тарту жұмыстарын жүргізу жоспарын таныстырды. Бұл шара арқылы ауылға қоныс аударуды ынталандырып, оның дамуына қосымша күш салу көзделуде.

Егінді ауылында өткен қоғамдық қабылдау аудан әкімінің ауыл тұрғындарының қажеттіліктеріне көңіл бөлетінін, олардың мәселелерін шешу үшін нақты шаралар қабылдауға дайын екенін көрсетті. Жолдарды жөндеу, ұялы байланыс пен электр жүйелерін жаңарту, сондай-ақ, тұрғын үйлер мен білім беру саласындағы жобалар – бәрі де ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған маңызды қадамдар. Ауданның дамуына қосқан үлесі бар әрбір отбасы, әрбір азамат ауданның болашағын бірге құруға атсалысып келеді.

Тағайындау



Жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінде – жаңа басшы

Ұлытау ауданы әкімінің өкімімен Асанәлі Жомарт Асанәліұлы Ұлытау ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы болып тағайындалды.

Жаңа басшыны ұжым қызметкерлеріне аудан әкімінің орынбасары Алмат Сакипов таныстырды.

Жомарт Асанәлі 1989 жылы 4 қыркүйекте Ұлытау ауданы, Ұлытау ауылында дүниеге келген.

Білімі жоғары. Мамандығы – агроном және құрғақтану. Еңбек жолын 2012 жылы Ұлытау ауданының ауылшаруашылығы және ветеринария бөлімінде маман болып бастап, аталған мекемеде 2015 жылға дейін қызмет атқарған.

2015-2023 жылдары Ұлытау аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы – өсімдіктерді қорғау және карантині жөніндегі

мемлекеттік инспекторы.

2023 жылы Ұлытау ауданының ауылшаруашылығы бөлімінде бас маман.

2023-2025 жылдары Ұлытау ауданы әкімінің көмекшісі.

2025 жылы Ұлытау ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінде сектор меңгерушісі.

Жаңа тағайындауға дейін Ұлытау ауданы Мибұлақ ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы қызметін атқарды.

Өз тілшімізден

Жәрмеңке

Қалалықтарға ауыл өнімдері ұсынылды

Қазақстанның ауыл шаруашылығының дамуы тек ауылдың ғана емес, жалпы елдің экономикалық өрлеуі мен әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Ауыл мен қаланың тығыз байланысы олардың бір-бірін толықтырып, экономикалық және әлеуметтік дамуына оң әсер етеді. Бұл байланыс қазіргі кезде әсіресе ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері арқылы айқын көрініс табуда. Жақында облыс орталығында өткен Ұлытау ауданының ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі ауыл мен қаланың экономикалық ынтымақтастығының жарқын көрінісі ретінде ерекше маңызды болды.



ірімшік секілді сүт өнімдері де болды. Мұндай шаралар арқылы қала тұрғындары сапалы және табиғи өнімдерді қолжетімді бағамен сатып алып, ауыл еңбеккерлері өз өнімдерін қала нарығына шығарып, тұрақты табыс көзіне айналдырды. Бұл ауыл шаруашылығының дамуына серпін беріп, қала тұрғындарының сапалы тауарларға деген сұранысын қанағаттандыруға мүмкіндік тудырды.

Ұлытау ауданынан келген өнім-

дер сауда сөрелерінде жоғары сапасымен ерекшеленді. Мұндай жәрмеңкелер қала мен ауыл арасындағы тығыз байланыс орнатудың тамаша үлгісі болып табылады. Ауылдық кәсіпкерлер өз өнімдерін нарыққа шығара отырып, тұрақты табыс көзіне ие болады, ал қала тұрғындары табиғи және сапалы өнімдермен қамтылып, күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандырады. Бұл өз кезегінде ауылдың экономикалық жағдайын

жақсартып, ауыл шаруашылығының сапасын арттыруға ықпал етеді.

Ауыл мен қаланың тығыз экономикалық байланысы әсіресе, ауыл шаруашылығы өнімдерінің қала нарығына жеткізілуімен айқын көрінеді. Ауыл шаруашылығының өнімдерін өндірушілер тек ауылда емес, қалада да жаңа нарықтар табады. Сонымен қатар, қаладағы тұрғындардың ауыл өнімдеріне сұранысы ауыл еңбеккерлерінің табысын арттырып, олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. Әрбір сәтті жәрмеңке – бұл ауыл мен қала арасындағы маңызды бірлік пен дамудың көрінісі. Қала тұрмысының жақсаруы үшін ауылдан келетін табиғи және сапалы өнімдер үлкен маңызға ие.

Жалпы, жәрмеңкелер тек ауылдық кәсіпкерлерге ғана емес, сонымен қатар, қала тұрғындарына да тиімді. Қала тұрғындары үшін сапалы және табиғи өнімдерді төмен бағамен сатып алу мүмкіндігі жәрмеңкелердің басты артықшылықтарының бірі болып табылады. Мұндай шаралар бағаны тұрақтандыруға және ауыл шаруашылығы өнімдерін тиімді сату жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қала мен ауыл арасындағы тұрақты экономикалық байланыс тек тауарлармен ғана емес, сонымен қатар, баға тұрақтылығымен де қамтамасыз етіледі.

Ауыл еңбеккерлеріне қолдау көрсету – бұл ауыл шаруашылығының дамуындағы негізгі фактор. Жәрмеңкелер ауыл еңбеккерлерінің өз өнімдерін нарыққа ұсыну мүмкіндігін ашып, оларды ынталандырады. Мұның өзі ауыл шаруашылығының өртарпаңтануына және өнімдердің сапасын жақсартуға әсер етеді. Сонымен қатар, осындай шаралар ауыл тұрғындарының табыстарын арттырып, олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға ықпал етеді. Бұл ауыл мен қала арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың негізгі механизмі болып табылады.

Алдағы уақытта да жәрмеңкелер тұрақты түрде ұйымдастырылатын болады. Бұл ауыл шаруашылығының дамуына және ауыл еңбеккерлерінің қолдауына септігін тигізетін шаралардың бірі болып табылады. Бұл шара арқылы екі жақтың да экономикалық дамуына серпін беріп, ауыл шаруашылығының сапасын арттыруға мүмкіндік туғызады. Ауылдың дамуы қала экономикасына әсер етпей қоймайды, себебі, ауыл өнімдері – қаланың экономикалық тұрақтылығына негіз бола алады. Ауыл мен қала бірлесіп дамып, Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық өрлеуіне өз үлесін қосады.

Ізбасар ОЙБАС.

Қоғам

Мемлекеттік қызмет – мәртебе емес, міндет. Ол мансаптың баспалдағы ғана емес, мінездің биігі. Қоғам кейде жүйені ғимаратпен, құрылыммен өлшейді. Бірақ мемлекет – механизм емес, мінез. Ал мінез – жеке тұлғаның ішкі тәртібі мен ішкі тазалығынан басталады.

Жас мемлекеттік қызметші: мінезден басталатын миссия



Бүгінгі жас мемлекеттік қызметші – жай ғана жаңа кадр емес, жаңарудың жүрегі. Жас буын – өзгерістің жалауы емес, жауапкершіліктің жүгін арқалаушы буын. Жауапкершілік – жүктеме емес, жігердің жаны. Ол лауазыммен келмейді, ол таңдаумен келеді. Күн сайын әділдікті таңдау – үлкен ұстаным. Күн сайын тазалықты таңдау нағыз табандылық. Таңдау – тұлғаны қалыптастырады. Мемлекеттік қызмет табалдырығын аттаған жас маман ең алдымен өз тағдырын емес, талай тағдырға әсер ететін шешімдер алаңына қадам басады. Сон-

дықтан тазалық – тек жеке қасиет емес, тұтас жүйенің тұғыры.

Адалдық – ардың айнасы. Ар – аппараттан жоғары тұратын ұстаным. Адал шешім аз сөзден, анық ұстанымнан туады. Мемлекеттік қызметте ар-ұят – абстракция емес, әр құжаттың, әр қолтаңбаның артындағы жауап. Себебі, билік – ардың сынағы. Бұл ойды әлемдік тәжірибе де дәлелдейді.

Ұлт зиялылары да осы ұстанымды айқын көрсетті. Әлихан Бөкейхан «Ұлтқа қызмет ету – мінезден» деген еді. Ахмет Байтұрсынұлы халыққа қызметтің

негізі білімде ғана емес, жауапты рухта екенін ескертті. Демек, кәсібилік – қабілеттен, ал елдік – мінезден.

Жүйе жай сөзбен жаңармайды. Жаңғыру жарлықпен емес, жеке жауапкершілікпен басталады. Егер, әр жас қызметші өз орнында әділ болса – әділет ұғымы институтқа айналады. Егер сенім салмақпен өлшенсе – мемлекетке деген құрмет күшейеді.

Сондықтан, бүгінгі жас буынға қойылар талап айқын: талапты болу, таза болу, табанды болу. Жауапты болу, жігерлі болу, жаңашыл болу. Адал болу, арлы болу, азамат болу.

Мемлекеттік қызметтің болашағы бағдарламаларда емес, буында. Ал, сол буынның болмысы – мінезінде. Минуттық мүддеден биік тұрған миссия ғана мемлекетті мықты етеді. Жас мемлекеттік қызметші өз тағдырын таңдаумен қатар, тұтас қоғамның траекториясына ықпал ететінін сезінгенде ғана нағыз елдік басталады.

Ерлан ЕРМАХАНБЕТОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ұлытау облысы бойынша департамент басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

Қытаймен ынтымақтастық – аймақтың өркендеуі үшін маңызды қадам

(Соңы. Басы 1-бетте).

Ұлытау облысы мен Қытай арасындағы ынтымақтастықтың басты артықшылығы – аймақтың инвестициялық тартымдылығын арттыру мен жаңа жоғары технологиялық жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігі. Қытайдың тәжірибесі мен заманауи технологияларын Ұлытау облысына енгізу өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының дамуына оң әсер етеді.

Шаньси провинциясының ауыл шаруашылығы, металлургия және энергетика салаларындағы жетістіктері Ұлытау облысында да қолданылып, өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін арттыруға жол ашады. Мысалы, металлургиялық шлактарды қайта өңдеу және сүт өндірісін дамыту бағыттарындағы жобалар экология мен экономиканың тиімділігін жақсартды.

Ұлытау облысының әкімі Дастан Рыспеков форум барысында өңірдің жоғары инвестициялық әлеуеті мен халықаралық ынтымақтастыққа ашықтығын тағы да атап өтті. Оның айтуынша, қазіргі уақытта бірқатар компаниялар Ұлытау облысы аумағында инвестициялық жобаларды іске

асыруға дайын. Бұл дегеніміз, облыс үшін жаңа мүмкіндіктер мен перспективалар ашылатынын көрсетеді.

Форум қорытындысы бойынша жасалған меморандумдар мен келісімдер Ұлытау облысының дамуына жаңа серпін беріп, облыс экономикасын жаңғыртуға ықпал етеді. Сонымен қатар, аймақтық инфрақұрылымды дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу және тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін маңызды қадамдар жасалуда.

Қытаймен жасалған бұл ынтымақтастықтың нәтижелері Ұлытау облысын Орталық Азиядағы ірі өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы хабына айналдыру мүмкіндігін арттырады. Аймақтық және халықаралық деңгейде экономикалық байланысты нығайту арқылы өңірдің тұрақты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретін бұл жобалар ауданның болашағын жарқын етеді.

Сайып келгенде, Ұлытау облысының әкімдігі мен Қытай арасындағы ынтымақтастық – бұл тек екі тараптың ғана емес, бүкіл аймақтың өркендеуі үшін маңызды қадам.

Ұлытау ауданының әкімі Аманжол Мырзабековтың өкімімен аудан орталығында облыстық сенбілік өтті. Сенбілікке аудан басшысы өзі бастап шықты. Аудан әкімімен бірге мекеме, бөлім басшылары, қызметкерлері қатысты.

Қайрат ЖҰМАБАЙ

Бұл жолы барлық мекеме ұжымы санитарлық тазарту, қоршаған ортаны көркейту шарасына белсене араласты. Әрбір ұжым өздеріне тиесілі аумақтарда тазалық жұмыстарын тиянақты жүргізді. Сонымен қатар, өзен арналарындағы, жол жиектеріндегі қоқыс қалдықтары тазаланып өктуе жұмыстары жасалынды. Тазалықты жанына серік еткен ұлытаулықтар өздеріне бекітіліп берілген аумақтарды абаттандыруға үлес қосып, туған жердің тазалығына жауапкершілікпен қарауды өздеріне міндет деп санады.

Сенбілік аясында тазалық жұмыстарына арнайы техникалар тартылып, тұрмыстық қатты

Тазалық – мәдениет айнасы



Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

қалдықтар белгіленген орынға шығарылды. Осындай тазалық жұмыстары ауданға қарасты кенттер мен ауылдық округтердің барлығында жүргізіліп, жұртшылық өнімді еңбек үлгісін

танытты. Жалпы, сенбілікке аудан бойынша 123 ұжымнан 1174 адам қатысып, сенбілік жұмыстарына 19 техника тартылды. Нәтижесінде біраз жер қоқыс қалдықтарынан тазартылды.

Ұлтымның айзақтаған газжап үнін,

Мұханбетқали (Мұқаш) Сейтқазинов – 1956 жылы бұрынғы Жезқазған облысы, Ұлытау ауданы, Қорғасын (Шеңбер) ауылында дүниеге келген. Ақын, айтыс ақтаңгері. ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Ұлытау ауданының Құрметті азаматы, «Ы.Алтынсарин» атындағы төсбелгінің иегері. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. «Ақтұма», «Қара кітап», «Дәридай-жүрек» жыр жинақтарының авторы.

Есімі «Қазақстан айтыс ақындары» энциклопедиясына енген. 1989-2003 жылдары бірнеше республикалық, халықаралық айтыстарға қатысып, жүлдегер және жеңімпаз атанған.

Көпшілік айтыс сүйер қауым «Дәридай» ақын деп таниды. Мұқаштың Қонысбай Әбіл, Әсия Беркенова, Әселхан Қалыбекова, Айтақын Бұлғақов, Шорабек Айдаров, Дүйсенбай Жұмасейітов, Елена Әбдіхалықова сынды шайырлармен сөз сайысы айтыстың классикалық үлгісі ретінде бағаланған.

ҰЛЫТАУЫМ – ҰРАНЫМ

Болған көне Астанам,
Бірлікке жол бастаған.
Ұлы бесік – ұлтыма,
Ұлытауым – асқақ ән.

Балбал тасты өңірі,
Баһадүрлер қорымы.
Бабатаудан басталған,
Бабалардың жорығы.

Өткенді еске алғанда,
Төбіренбес жан бар ма?
Мінбер болған Билерге,
Орда болған Хандарға.

Түбіміз Көкбөрі ме?
Тартқан елміз тегіне.
Жатыр дейді осында,
Тоқтамыс пен Едіге.

Тарих тұнған өңірдің,
Өткенінен не білдің?
Алтыншоқы – бекеті
Әйгілі Ақсақ Темірдің!

Халқым қолдар қосыла,
Алтынордам осы ма?
Жортқан жарты әлемде,
Жатыр мұнда Жошы да.

Не көрмеген бұл далам?
Болсын қыз да, ұл да аман.
Ұлы далам әрдайым,
Ұлытауды тыңдаған.

Ұрпақтары ән қылып,
Салтанаты сән құрып.
Жатыр Ұлытау жаңаша,
Бүгін қайта жаңғырып.

Осы еді елдің күткені,
Қойды Ақорда нүктені.
Атқа қонып қарт Ұлытау,
Қайта еңсесін тіктеді.

Болдық соның куәсі,
Ел мез-мейрам, расы.
Құлпыра бер, жайнай бер,
Ұлттың Ұлы ұясы!



Ұлы жермен ел бірге,
Ұлы көшке ердің бе?
Ұлытауға бардың ба,
Ұлар құсты көрдің бе?..

ТҮЙМЕСІМІН ТАЙЖАН КИГЕН ШАПАНЫҢ

(Ұлытау ауданының 85 жылдығына)

Тасбұлақ жыр бүлкілдетіп көмейді,
Тәубе-тәубе, қуаныштар көбейді.
Алтын күзде, менің Алтын аймағым.
Жасқа келіп жатырсың ба мерейлі?!

Қуанамыз оңнан желі соқса елдің,
Ертеңіңе мен өзіңнің бек сендім.
Белдігіңе жеткен жасты жазып ап,
Сеңгіріне шығып жатсың 80-нің.

Өткен шақтың бәрі-бәрі ойымда,
Жыр ұшқыны барын байқап бойымда.
Алғаш мені сен айтысқа қосқансың
50 жылдық үлкен мерейтойыңда.

Тұңғыш көрдім үлкен жиын, нөпірді,
Ұлытау жайлы өлең-жырлар оқылды.
Камал ағам көп қонақты бастап кеп,
Төрегелді көкем төрде отырды.

Қарттарынан Бабатаудың бата алдым,
Түймесімін Тайжан киген шапанның.
Сейтқазының Мұқашы емес додада,
«Ұлытаудың Дәридайы» атандым.

Жырға қостым сені талай жақта алыс,
Қуантады атқарылып жатқан іс.
Ұққан жанға мынау Ұлы далада,
Ұлытаудың ұлы болу – мақтанш.

Том-том тарих – шежірелі тауларың,
Тәңір дұрыс жасаған-ау таңдауын.
Қазан айы – қазан аузы жоғары,
85-ің құтты болсын, ауданым!

ҰЛЫТАУДА – РӘМІЗДЕР АЛАҢЫ!

Құлан десе қазағым, құла түзге қарады,
Ұлытаудың тасында біраз іздер бар әлі.
Бабатаудың төрінде салтанатпен ашылды,
Бабалардың рухына – «Рәміздер алаңы».

Ұлытауым ұлт үшін Ұлылардың мекені,
Көк Байрақпен жетпей тұр төбем көкке
екі елі.

Әулиетау басында Әнұраным шырқалып,
Елтаңбама берді орын Едігетау етегі.

Қасиетті жер ғой бұл – бабаларға ұнаған,
Жыраулары арнаған жалындаған
жыр өмән.
Ұлытаудың атына, болмысына, затына,
Жарасып түр ерекше жаңа ашылған
бұл алаң.

Сыр сандығы осы жер – салтым, дәстүр,
ғұрпымының,
Орны бөлек сондықтан біздер үшін
бұл күннің.
Қол соғайық, ағайын, құтты болсын
қуаныш,
Ұлытаудың төрінде – Төлқұжаты
ұлтымның!

АҚТОҒАЙ мен ҰЛЫТАУ немесе Бесік пен Ұя

Жан болса архивтерді ақтара алған,
Сол қағаздар табылар тартпалардан.
КСРО-ның тұсында аты шулы,
30 аудан болатын «артта қалған».

Ол 30-ды Мәскеу жақ жақтамайтын,
Ақтамайтын, ешқашан мақтамайтын.
Бірі оның – Ұлт ұясы Ұлытау да,
Бірі оның – алтын бесік Ақтоғай-тын.

Ұлт үшін әдіре қап ұран ізгі,
Талқандап, тарихи бар мұрамызды.
Жел өтінде қалдырды империя,
Жетпіс жыл Бесік пенен Ұямызды.

Мекендері болған соң күш-ағыстың,
Азабын тартты ел шідер, тұсамыстың.
Ұлытау – Үш жүзіме ұя болса,
Ақтоғай – ұшқан жері Үш арыстың.

Қайнатты қос ауданның сорын анық,
Қалай ғана ұмытсын оны халық?!
Әйтеуір, ілігіпті осы күнге,
«Өлмегенге жолығып өлі балық».

Дұрыс қой, тарих шаңнан аршылғаны,
Ақсоран, Ұлытау – дала, тау-шыңдары.
Ел тілегі – егемен ел болдық қой,
Жарқырап енді өңірлер жансын бағы.

«КӨКМАЙСА» – ҰЛЫТАУДЫҢ БӨКТЕРІНДЕ

Мұндай жер айтшы аз ба, көп пе елімде?
Болады келіп көзбен тек көруге.
Көк байрағын көгінде желбіреткен,
«Көкмайса» – Ұлытаудың бөктерінде.

Шетке қақпас бөгдесін, бөтенін де,
Бұл менің қасиетті мекенім бе?
Көк тасында көкжалдар ізі қалған,
«Көкмайса» – Едігенің етегінде.

Көне тарих сақталған қалыбында,
Ұлт Ұясы атанған анығында.
Көк шалғыннан төсеген көк кілемін,
«Көкмайса» – Хан Ордасы бауырында.

Тон пішу – сырттан қарап, жарамас құр,
Бал қымыз – баға жетпес бағалы ас бұл.
Келіңіздер, көзбенен көріңіздер,
«Көкмайса» – көк сандығы көне дәстүр.

ШЕҢБЕРІМ, МЕНІҢ ШЕҢБЕРІМ!

Сыбызғым – тартар қурайың,
Қырларың – сазды сырнайым.
Шеңберім – Швейцариям,
Дөбейім – менің Дубайым.

Құздағы Кейкі көр ізін,
Күмбездер – Қорқыт қобызым.
Махат сағанасы – мавзолей,
Қараторғай – Қара теңізім.

Даланың сәні белгілі –
Жезкиік, кербез кербұғы.
Арғанаты – алтын ғасырдың,
Керілген алтын белдігі.

Алысқа түскен жарығы,
Әйбат жер еді-ау анығы.
Құдайдың берген байлығы –
Бүлдіргені мен балығы.

ШЕҢБЕР «ШТАТЫ»

Берейін, дос, күшті ақпар,
Тек есінде ұстап қал..
Америка емес Ұлытауда,
Шеңбер деген «штат» бар.

Шағын ауыл – аты ірі,
Тігілген шаттық шатыры.
Сол «штаттың» мен болғам,
Тұңғыш «губернаторы».

ҮҢГІРГЕ ЖОЛ ТАРТЫЛДЫ

Ұлт тарихын ұрпақтарға ұғындыр,
Жүрген жерде желбіретіп туынды іл.
Зар заманда Көкжал Құлан Кейкіге,
Қорғасында қорған болған бұл Үңгір.

Қадірлеген елміз ер мен аруақты,
Бастаманы басқалар да қолдапты.
Қиядағы осы Үңгірдің басына,
Ұрпақтары ұлық белгі орнатты.

Істі бастап тәуекелмен буып бел,
Тұла бойды тамшылаған жуып тер,
Салып шықты Үңгірге жол – баспалдақ,
Тауды бұзып, тасты жарып, жігіттер.

Бұрын-соңды болмаған жол мынандай,
Шатқал анау, сақтанбасаң құлардай,
...Кей қонақтар тұрып-тұрып биікте,
Қайтпаушы ма ед «үңгір-үйге» кіре алмай.

Бүгінгі ұрпақ көріп игі шарасын,
Ырза болып, марқайып бір қаласың.
Ұмытпайды ұлты ешқашан білгенім –
Көкжал Кейкі – Көкенбайдың баласын.

Қызылдармен, сарылармен егесте,
Басы кеткен баһадүр ғой... бәрі есте.
Бұл Тас үңгір Ер Кейкінің өзіне,
Өзі соққан ескерткіші емес пе!..



Дәридай – мақтаншы қазағымның!

«Сөз тапқанға қолқа жоқ»

Ақынның айтыста айтқандары

«ШАБЫТЫҢ БАҚАЙЫҢНЫҢ БАСЫНДА МА?»

«Аттыдан жаяу жүріп кек алатын» Мұқаш Сейтқазинов – қай аламанда болса да алқынбайтын алымдылығымен қоса, аз сөзге көп мағына сыйдыратын ұтымдылығымен де дараланатын ақын. Мұқашның үлкен додаға алғаш барғандағы тұңғыш қарсыласы сол кезде атағы жер жарып тұрған «тебеген» ақын, талдықорғандық Айтақын Бұлғақов болған екен. Сонда қарсыласының осы ерекшелігін көрген Мұқаш ақын: Алматы – рас, әсем, жасыл қала, Өкшелер, беймезгілдеу тасырлама. Сахна тақыр-тұқыр болып кетті Шабытың бақайыңның басында ма? – деген екен.

«...ДҰШПАНЫҢ ЖҮРГЕН ШЫҒАР САҚ-САҚ КҮЛІП»

Кеңес өкіметінің қылышынан қан тамып тұрған жылдары Орал қаласында, қала шетіне таяу орналасқан қазақ бейіттерін трактормен қырғызып тастап, орнына салынған ғимаратты, мазақ қылғандай, қазақ мектебі етіп ашыпты. Осы жайт көкірегіне оқтай қадалып жүрген Мұқаш Ерейментаудағы айтыста Оралдың ақыны Шолпанмен кездесіп қалғанда: «Айтамын сұмдық жайды тақпақ қылып, Дұшпаның жүрген шығар сақ-сақ күліп. Ол жерде қалай оқыр бүлдіршіндер,



Сүйегін бабасының таптап тұрып?» – деп, тіліп түскен екен.

«...СЫРТ ЕТЕ ҚАЛАРМЫСЫҢ ХРУСТАЛЬДАЙ?»

1990 жылы Алматыда Наурыз мейрамына байланысты аламан айтыс өтті. Сол жыр додасында «Дәридай ақын» атанған жерлесіміз Мұқаш Сейтқазинов талдықорғандық танымал ақын Қаныша Дүкеновамен сайысқан еді. Сонда Мұқаш даусы жіңішке, өзі де талдырмаш ақын құрдасына мынадай теңеулерді төкпеген еді: «Жақсы өлең – түсінгенге азық тіптен, Жарысам көңіл деген жазықтықпен. Ат басын аямай-ақ жіберер ем, Қорқамын бойыңдағы нәзіктіктен. Ағайын, болайықшы туысқандай,

Біріміз-бірімізге жұғысқандай. Өлеңмен білегіңнен қысып қалсам, Сырт ете қалармысың хрустальдай? Қанышажан, ел алдында сөйлейсің бе, Көңілі көпшіліктің көл дейсің бе? Үйінде жүргеніңде балаларға Микрофон арқылы сөйлейсің бе? Қалықтап айдын жырдың жағасында, Қанатты шағала боп қағасың ба? Шалыңмен сырласып сен шай ішкенде, Құлағыңа наушник тағасың ба?» – дегенде, Қаныша оған ұтымды жауап таба алмай қалған екен.

ҚОСЫЛҒЫШ ПЕН ҚОСЫНДЫ

«Ұлытау үні» фестивалінің дүрілдеп тұрған кезі. Сахнада – ақын қыздардың ішінде алғашқылардың

бірі боп ақбоз ат мінген торғайлық Жадыра Құтжанова мен ұлытаулық Мұқаш Сейтқазинов. Кенет, Жадыра айтысқа екінші күні бір-ақ келгендіктен, айтысқа қатыстырылмай залда отырған айтыскер Ерік Асқаровқа жалт қарап: «Бұл айтыс бөлінбейтін еншім бе еді, Жезқазған сені неге менсінбеді? Сахнаға шықпай кетсе обал болар, Асқаров Ерік ағам келсін бері», – деп, айтысты мүлде басқа арнаға бұрады ғой. Онсыз да аттан қайдан шығады деп отыратын Ерік те еш іркілмей сахнаға атып шығып, Мұқаштың домбырасын ала салып (Еріктің күйшілігі де Мұқашпен деңгейлес қой) Жадырамен айтыса кетеді. Екеуі екі-үш кезек қағысады. Бұл уақытта сахнада босқа отырып

қалған Мұқаш не қаларын, не кетерін білмей, ыңғайсыз күйге тап болады. Осыны сезген Ерік те айтарын аяқтай сала кезекті қайтадан Мұқаша бере қояды. Сонда Мұқаш іркілместен:

Демеңдер бұл Мұқашта көз көрмейді, Айтты ғой еліне бір сөздер дейді. Қазылар, қосылғыштың орны ауысты, Бірақ та қосындысы өзгермейді.

Мұқаштың әр сөзінде уыт бар-ды, Екі айтыс бір айтыста туып қалды. Боташым, оттығымда от бар еді, Мұқаштың самаурыны суып қалды», – деген екен.

«...ҚҰЛАҒЫҢ ЖАРАТҚАННЫҢ КЕСЕСІҢ БЕ?»

Республика жұртшылығына «дәридайлап» танылған Мұқаш ақынға кездескен қарсыластың бәрі: «Домбыра тарта алмайсың», – дей береді екен. Сондай бір айтыста Мұқаш: «Ақынмын, домбырам жоқ – есесінде, Тағдырдың бұл жұмбағын шешесің бе? Жаратқан бірін берсе, бірін бермес, Құлағың Жаратқанның кесесің бе?» – деген екен.

Әнуар ОМАР

Дәридай... – деген екен

«...ДЕНІ ДҰРЫСТАУ КАБИНА КЕРЕК»

1980 жылдардың аяқ кезі. Айтыс ақыны Мұқаш Сейтқазинов сол жылдары Ұлытау ауданы, «Шеңбер» кеңшарында кәсіподақ комитетінің төрағасы болып қызмет істейді. Қызмет көлігі – шаруашылық бөлген ескі жүк УАЗ автомашинасы. Бір сәтсіз күні жол апатына ұшырап, машинаның белтемірі (рама) майысып, кабинасы жапырылып, ұсқынсыздау қалыпқа енеді. Сәтін салғанда, жүргізуші екеуі де дін аман. Белтемірі сол қисайған, кабинасы сиықсыз болса да, машина ілдебайлап жүруге жарайды. Оны қалпына келтіріп беруге кеңшардың мүмкіндігі бола қоймапты. Мұқаш әрі ойлап, бері ойлап, көмек сұрау мақсатында сұрықсыздау УАЗ-ымен шаруашылығы дүрілдеп, «желі оңынан соғып» тұрған, астық өндіретін көршілес «Терісаққан» кеңшарына барады. Кеңшар директоры Жарқынбек Бөлендин – өзінің бала кезінен тай құлындай төбісіп, бір ауылда өскен досы. «Бетімді қайтара қоймас» деген іш пікірі бар. Бұлар барғанда Жақан шаруашылықтың бас мамандарымен жиналыс өткізіп жатса керек. Алыстан келген сыйлы қонақ сыртта күте ме, директордың кабинасіне олар да кіріп жайғасады. Жиналыс аяқтала келе Жарқынбек Мұқаштан не шаруамен жүргендерін, қандай бұйымтайы

бар екенін сұрайды ғой. Сонда Мұқаш Жақанға үн-түнсіз ғана мынадай өлең шумақтары жазылған бір парақ қағазды ұсына қойыпты:

Директор емес, досым деп келдім, Көтерер көңіл хошын деп келдім. Қолыңнан келер шаруа болған соң, Дұрыс болар-ау осым деп келдім.

Балапан қанат қағар ұяда, Қырандар ұшар дара қияда. Машина – быт-шыт, өзім – аманмын, Ұрынып қалдым аварияға. Өзіңді жұртым тани ма бөлек, Көп жанға бердің фәниде көмек. Белі «құныстау» «Уазигіме» Дені дұрыстау кабина керек».

Мәселенің мән-жайын мезетінде ұғынған мәрт мінезді Жарқынбек екі сөзге келмей, өлең жазылған қағазға былай деп бұрыштама соғыпты.

«Бас инженерге! Тез арада машинаның рамасы қалпына келтіріліп, жаңа жаңа кабина салынсын!»

Ол кезде директордың тапсырмасы талқылауға жатпайтын, қолма-қол орындалатын заман.

Шаруасы демде шешілген Мұқаш Жақанның үйінен қонағасы жеп, пәс көңілі тоғайып, астында – су жаңа дерліктей УАЗ, ауылына хош көңілмен қайтыпты.

«АЙНАЛАЙЫН СЕЙТҚАЗИНОВ...»

Қалың қауымға «Дәридай» әуенімен танымал айтыстың айтулы ақтаңгері, ұлытаулық Мұқаш Сейтқазинов-той-думанды басқаратын асабалық өнердің де хас шебері. Өзінің айтуына қарағанда, «асаба» деген сөз «Айналайын Сейтқазинов, ал барынды аяма», ал «тамада» деген ұғым «Тағы, айналайын Мұқаш алдымызда дәл анадағыдай» деген сөйлемдер құрамындағы сөздердің бастапқы әріптерінен шыққан екен...

Қ-А-Б-Ы-Л-Б-Е-К

Мұқаштың институтта оқитын кезі. Қасында өзіл-қалжыңы жарасқан Қабылбек дейтін курстас досы бар. Екеуі де реті келген жерде ішімдікке «кет әрі» емес. Өрине, студент байғұстың қалтасы үнемі «тесік» болатыны белгілі. Ауылдан ара-тұра бесон сом келгенде, қолдарына стипендия тигенде «аттың басын жіберіп» алады ғой жарықтықтар. Оның өзінде бағасы арзандау болған соң қызыл арақ ішетін болса керек. Қалталарына сәтімден азды-көпті қаржы түсіп, жатақханада қызыл арақты құмарлана сіміріп, дуылдатып отырған бір күні Мұқаш қызара бөрткен досынан: – Осы сен есіміңді неге Қабылбек қой-

ғанын білесің бе? – деп сұрапты. – Қайдан білейін? – дейді Қабекең аңтаң болған күйінде. – Білмесен, енді біліп жүретін бол, – депті, сонда Мұқаш. – Сенің есіміңді «Қызыл арақты бар ықыласымен лақылдатып бөтелкеден еметін керемет» деген сөйлемнің бас әріптерінен құрастырып қойған. Қызыңқырап қалған Қабылбек досының сөзіне қарсы қояр уәж тапай, басын еріксіз шұлғи беріпті.

С-Е-П-І-К

Мұқаштың институт қабырғасында қатар оқыған, «жарты нанды бөліп, жарты құртты жарып жеген» Серік есімді досы болады. Оның өзгелерден көзге ұрып тұратын өзгешелігі ұзынтұра, арықша келген, сидаң жігіт болса керек. Түлен тұртты ме, кім білсін, Мұқашқа бір күні Серік өзі соқтығып: – Сенің жіктеп-жіліктеп, талдап жүргендерің бірыңғай жеңіл сөздер. Мықты болсаң, менің есімімді талдап берші, – дейді ғой. Сонда Мұқаш Секеңнің тұла бойына тінте қарап тұрып: – Сүйегіне еті ретсіз іліккен көтерем, – деген екен.

Ахат ҚҰРМАНСЕЙІТОВ.

Айқарма бетті өзірлеген
Тәслима ОРАЗАЛЫҚЫЗЫ

Тарих толқынында

Ерте темір дәуіріндегі Орталық Қазақстанның археологиялық мұраларында ерекше орын алатын нысандардың бірі – тас тізбекті яғни, «мұртты» обалар. Күрделі құрылымы мен ғұрыптық мәні арқылы бұл ескерткіштер ежелгі көшпелілердің дүниетанымын айқын көрсетеді. Осындай тарихи нысандар шоғырланған өңірдің бірі – Ұлытау.

Сарыарқаның жүрегінде орналасқан бұл аймақ «мұртты» обалар арқылы көне мәдениеттің айқын ізін сақтап, Тасмола мәдениетінің маңызды орталықтарының бірі ретінде танылады. Бүгінде бұл ескерткіштерді зерттеу ежелгі қоғамның салт-дәстүрі мен рухани әлемін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

2025 жылы Ұлытау облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тапсырысы бойынша Ұлытау ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы территориясындағы «Ақтас-3» мұртты қорғанында Әлкей Марғұлан атындағы археология институты мамандары және Мәкен Төрегелдин атындағы Жезді кентіндегі тау кен және балқыту ісі тарихы музейі қызметкерлері археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Ескерткіш Ұлытау ауданының Ақтас ауылынан оңтүстікке қарай 7 км жерде, Қарпық қыстауынан 300 м батыста орналасқан. Бұл қорым ерте темір дәуіріне жататын басты «мұртты» оба мен кейінгі қазақ бейітінен тұрады. Қазақ бейіті (төртқұлақ) 1600 жылдары өмір сүрген

«Ақтас-3» қорымындағы археологиялық зерттеулер нәтижесі



Байназар биге арналған, шағын тау тастарынан қаланған.

Басты «мұртты» оба шеңбер пішінді, диаметрі 12 м, биіктігі 0,5 м, әртүрлі көлемдегі қара тастардан тұрғызылған. Оба жанында шығысқа бағытталған екі тас тізбек бар: оң жақ тізбек 55 м, сол жақ тізбек 65 м ұзындықта. Тізбектердің басы мен аяқ жағында шағын үйінділер, ортасында үш тастан құралған шағын құрылыс орналасқан. Қазба кезінде обаның үсті шөп пен бұталардан тазартылды. Тастардың арасынан ұсақ малдың асығы табылды, басты обадан цилиндр тәрізді қыш ыдыс шықты, ал солтүстік тізбектен тас құрал (кетпен) табылды. Табылған көмір қалдықтары зерттеу үшін лабораторияға жіберілді. Стратиграфия бойынша обада бірнеше мәдени қабат байқалмады, тастар жүйесіз орналастырылған, бірақ ғұрыптық мәні сақталған. Ақтас «мұртты» обасы Ұлытаудағы мұндай қорғандардың ерекшелігін көрсетеді. Мұндай обалар көбінесе шағын және жүйесіз, 1-ші типтегі қорғандар басым.

Ғалым Әлкей Марғұлан зерттеулерінде, ортадағы дөңгелек үйінді күн дискісін бейнелейді, ал шығысқа тартылған тізбектер – күн сәулесін білдіреді. Осы зерттеу «Ақтас 3» обасы арқылы ежелгі адамдардың ғұрыптық әдеттері мен жерлеу дәстүрін түсінуге мүмкіндік береді.

Айдар ИСКАКОВ.

Дін және діл

Жаһандану жағдайында жастардың шетелде білім алуға деген қызығушылығы артып отыр. Соның ішінде діни білімді шет мемлекеттерде алу үрдісі де кеңінен таралуда. Дегенмен, діни білім алу тек жеке таңдау ғана емес, ол қоғамның рухани тұрақтылығына, ұлттық бірегейлігіне және қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін маңызды мәселе болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, шетелде діни білім алудың ықтимал тәуекелдерін саралау және отандық діни білім беру жүйесінің рөлін бағалау ерекше маңызға ие.

Шетелдік діни оқу орындарында білім алу барысында студенттер сол елдегі діни және дүниетанымдық ортаның ықпалына түсуі мүмкін. Әрбір мемлекеттің дінді түсінуі оның тарихи, мәдени және саяси ерекшеліктеріне байланысты қалыптасады. Мысалы, Сауд Арабиясы мен Мысыр елдерінде діни білім беру жүйесі сол қоғамның дәстүрлі және діни қағидаттарына негізделсе, Түркия зайырлы мемлекет ретінде дінді мемлекеттік саясатпен үйлестіре отырып реттейді. Мұндай ортада білім алған тұлға тек діни іліммен шектелмей, сол елдің діни-мәдени және белгілі бір деңгейде саяси көзқарастарын да қабылдауы мүмкін. Нәтижесінде, шетелде алынған діни білімнің мазмұны Қазақстандағы дәстүрлі түсінікпен сәйкес келмеуі ықтимал.

Отандық діни білім – қауіпсіздік кепілі



Қазақстанда ислам діни тарихи тұрғыдан ханафи мазхабы мен матуриди сенім мектебі негізінде қалыптасқан. Бұл бағыттар діни төзімділікке, ақылға негізделген сенімге және ұлттық дәстүрмен үйлесімділікке басымдық береді. Ал шетелдік оқу орындарында білім алған кейбір азаматтар өзге діни ағымдардың ықпалында қалып, қоғамдағы қалыптасқан діни таныммен қайшылыққа

түсуі мүмкін. Мұндай жағдайлар діни алауыздыққа, әлеуметтік түсініспеушілікке және қоғам ішіндегі пікір алшақтығына әкелу қаупін арттырады.

Сонымен қатар, шетелде діни білім алу барысында діни іліммен қатар белгілі бір идеологиялық немесе саяси көзқарастардың қалыптасуы ықтималдығы да жоқ емес. Кейбір елдерде дін мен саясаттың өзара тығыз байланысы білім алушылардың дүниетанымына әсер етуі мүмкін. Бұл әсер кейін елге оралған кезде олардың қоғамдық көзқарасына,

тіпті әлеуметтік мінез-құлқына ықпал етуі ықтимал.

Осы жағдайларды ескере отырып, Қазақстандағы діни білім беру жүйесінің маңызы ерекше екені айқындалады. Бүгінде елімізде діни кадрларды даярлайтын бірқатар ресми оқу орындары жұмыс істейді. Солардың ішінде Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті – жоғары деңгейде теологиялық білім беретін жетекші оқу орындарының бірі. Сонымен қатар, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы қарамағындағы медресе-колледждер жүйесі имамдар мен дін қызметкерлерін даярлауда маңызды рөл атқарады.

Отандық діни білім берудің басты артықшылығы – оның Қазақстанның дәстүрлі діни мектебіне, ұлттық құндылықтарына және зайырлы мемлекеттік қағидаттарына толық сәйкес келуінде. Бұл оқу орындарында берілетін білім мазмұны ғылыми негізделген, жүйеленген және радикалды немесе бөгде идеологиялық ықпалдардың алдын алуға бағытталған. Сонымен қатар, білім беру үдерісі мемлекеттік стандарттарға сәйкес жүзеге асырылады, бұл өз кезегінде мамандардың сапалы әрі жауапкершілікті түрде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда Қазақстанда діни білім алудың барлық деңгейлері қамтылған. Азаматтар жоғары білімді де, орта арнаулы діни білімді де өз елінде ала алады. Бұл шетелге шығу қажеттілігін азайтып қана қой-

май, жастардың қауіпсіз әрі сапалы білім алуына жағдай жасайды.

Қорыта айтқанда, шетелде діни білім алу белгілі бір мүмкіндіктер бергенімен, оның тәуекелдері де жоқ емес. Ал отандық діни білім беру жүйесі ұлттық ерекшеліктерге негізделген, тұрақты және қауіпсіз балама ретінде қалыптасып отыр. Әсіресе, діни білімнің алғашқы, іргелі негіздерін өз еліміздегі оқу орындарында алу маңызды. Себебі, бұл кезеңде адамның діни дүниетанымы қалыптасады және ол ұлттық дәстүр мен қоғам құндылықтарына сәйкес болуы тиіс.

Осы тұрғыда, алдымен Қазақстандағы оқу орындарында базалық діни білім алып, кейін білімін тереңдету мақсатында шетелдік оқу орындарына бару – неғұрлым тиімді әрі қауіпсіз жол болып табылады. Мұндай тәсіл адамның діни көзқарасының тұрақтылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, сыртқы ықпалдарға сыни тұрғыдан қарауына мүмкіндік береді.

Сондықтан, діни білім алу барысында саналы таңдау жасап, ең алдымен жергілікті оқу орындарына басымдық беру – қоғамның рухани тұтастығы мен тұрақтылығын сақтаудың маңызды кепілі.

Жанболат РАХЫМБЕРДИЕВ,
облыстық ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі,
Жастар ресурстық орталығының теологы.

Жемқорлық індет – жою міндет

Қоғамға қауіпті дерт – жемқорлық

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға, сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.



Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор.

Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мем-

лекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы болуы қажет.

Илияс ІРГЕБАЕВ,
Ұлытау аудандық сотының төрағасы міндетін атқарушы.

Қоғам. Адам. Заң

Медиация мақсаты – бітімгершілік

Медиацияның мақсаты – дауды бітімгершілікпен шешудің екі тарапты да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу. Медиацияны жүргізу кезінде еріктілік, құпиялық, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптығы және медиация тараптарының тең құқылығы мен оның рәсіміне араласуға жол бермеушілік қағидаттары сақталуы тиіс.



Медиация тәсілі сот ісіндегі тазалықты, әділ төрелікті қамтамасыз етудің негізгі тәсілдерінің бірі. Жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларды реттеу кезіндегі медиация сотқа жүгінгенге дейін де, сот талқылауы басталғаннан кейін де қолданылуы мүмкін. Қылмыстық сот ісін жүргізу ба-

рысындағы медиация қылмыстық процессуалдық заңында белгіленген сотқа дейінгі және сотта іс жүргізу мерзімдерінде жүзеге асырылады.

Медиацияның жылдан-жылға кеңінен қолдану, адамдардың олардың қызметіне көбірек жүгіну себептері – бұл медиацияның сот жүйесімен салыстырғанда бірнеше артықшылықтары бар болуы яғни, медиация процедурасы

сотпен салыстырғанда аз уақыт алады. Тағы бір артықшылығы, медиатордың қызметі сот қызметіне қарағанда арзанға түседі. Тараптардың арасындағы қатынас бұзылмайды, заңды емес, тараптардың мүдделерін ескереді және құпиялық сақталады.

Сонымен қатар, сот өндірісінен оның тағы бір айырмашылығы – медиацияның нәтижесінде «кінәлі» мен «кінәсіз» деген тараптар болмайды. Медиацияның арқасында соттарда қаралатын істердің саны да айтарлықтай азаймақ. Дауларды сотқа жеткізбестен, өзара бітімгершілікпен аяқтау судьяларға жүктемені азайтып қана қоймайды.

Медиация қоғамда орын алып отырған даулардың шешімін табуға септігін тигізіп келеді. Сондай-ақ, қазіргі уақытта медиаторлардың қатысуымен істердің тиімді шешіліп келе жатқанын айту қажет. Сот тәртібінде қарастыруға тиіс даулардың санын қысқартып, оларды шешудің баламалы тәсілін қолдану, оның ішінде бітімгершілік рәсімдер – медиация әдісін қолдану адам құқықтарының әділ сақталуының кепілі. Сот жүйесінде медиация институтының дамуына қажетті іс шаралар жүргізілуде.

Қорыта айтқанда, «Медиация» азаматтар арасындағы қарым-қатынаста талас-тартыс деңгейін төмендетуге, тараптардың қарым-қатынас мәдениетінің, этикасының жоғарылауына, ерікті түрде орындалатын шешімдердің көбеюіне септігін тигізіп келеді.

Ақнұр ДОМБАЕВА,
Ұлытау аудандық сотының сот әкімшісі басшысы.

Хабарландыру

«Kratos Resources» ЖШС 2024 жылғы 30 қаңтардағы №2429-EL лицензия учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жүргізу барысында бұзылған жерлерді рекультивациялау жобасы және ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Әсер ету аумағы: Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы: 47°38'25.63" 68°25'59.50"

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 13 мамыр күні сағат 12:00-де мына мекенжай бойынша өтеді: Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы, Борсеңгір ауылдық округі, Борсеңгір ауылы, Қазақстан көшесі, 7-үй, клуб.

Бейне-конференц байланыс платформасына сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/4557636415?pwd=WmNYSSswalRpZjdIEhCM1pwRmQyZz09&omn=88437962708> Конференция идентификаторы: 455 763 6415, кіру коды: a8Ub79.

Қатысушыларды тіркеу жеке куәлікті ұсыну арқылы жүргізіледі.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы – «Kratos Resources (КратосРесорсез)» ЖШС, БИН 231040028683, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 101-үй, «В» блогы, индекс 050012, тел.: +7 705 776 3277.

Жобалық материалдарды әзірлеуші – «GREEN ecology» ЖҚ, тел.: +7-701-603-80-56.

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/сайтында> және ЖАО-ның <https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr> сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты мына мекенжай мен телефон арқылы алуға болады: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 101-үй, «В» блогы, тел.: +7 705 776 3277.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz> сайтында және «Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-де қабылданады, тел.: 8 (7102)-76-60-01, электрондық пошта: ulytau.obl_priroda@mail.ru.

Объявление

ТОО «KratosResources» проводит общественные слушания в форме открытого собрания по Проекту рекультивации нарушенных земель при проведении разведки твердых полезных ископаемых на участке лицензии №2429-EL от 30 января 2024 года с Отчетом о возможных воздействиях.

Территория воздействия: область Ұлытау, Улытауский район: 1. 47°38'25.63" 68°25'59.50"

Общественные слушания состоятся 13 мая 2026 года в 12.00 часов по адресу: область Ұлытау, Улытауский район, Борсенгирский с.о., с.Борсенгир, ул. Казахстан 7, клуб. Ссылка на платформу для видеоконференцсвязи - <https://us05web.zoom.us/j/4557636415?pwd=WmNYSSswalRpZjdIEhCM1pwRmQyZz09&omn=88437962708> Идентификатор конференции: 455 763 6415, Код доступа: a8Ub79.

Регистрация участников производится при предъявлении удостоверений личности.

Инициатор намечаемой деятельности – ТОО «KratosResources (КратосРесорсез)», БИН 231040028683, Казахстан, г. Алматы, Алмалинский район, ул. Төле би, дом 101, Блок В, индекс 050012., тел. +7 705 776 3277

Разработчик проектных материалов ИП «GREENecology», тел.: +7-701-603-80-56.

Документация по проекту размещена на <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr>, в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по материалам проекта можно получить по адресу и номеру: Республика Казахстан, 050012, город Алматы, ул. Төле би, д. 101, блок «В», тел. +7 705 776 3277

Замечания и предложения принимаются на сайте <https://ndbecology.gov.kz> и в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Ұлытау» тел.: 8 (7102)-76-60-01, электронный адрес: ulytau.obl_priroda@mail.ru.

Мерекешуағы

Ұлытаудағы Наурыз тойы



Ұлытау ауданы орталығында мазмұнды бастамаларымен айшықталған Ұлытау ұлы күні – Наурыз мейрамы талапқа сай деңгейде аталып өтілді. Мерекелік бағдарламалардың барлығы мерзім кезеңіне сай жаңашыл сипаттағы болмысымен ерекшеленді. «Наурызнама» онкүндігі аясында басталған той түрлі іс-шаралармен жалғасып, Наурыздың 22-сі күні қорытындыланды.



көрме мереке ажарын ашты. Сонымен қоса, өңір шеберлерінің сан алуан қолөнер туындылары қойылды. Осындай жақтарымен қаз қатар тігілген ақшаңқан үйлердің айшықты келбеті көшенің сәнін кіргізіп, ертедегі қазақ ауылы көшіп келгендей ғажайып әсер сыйлады.

Дархандықтың үлгісін, молшылықтың белгісін танытқан мейрамда мерекелік сауда да қызды. Шат-шадыман күй кешкен ұлытаулықтар қалағанына қолжетімді бағада қол жеткізіп, көңілдері марқайды. Қаз қатар тігілген ақбоз үйлердің маңында қызықтың бәрі болды. Жас балалар тайға мініп, серуен құрды. Алтыбақанның аясындағы ән-дүман өзінше бір бөлек. Ұлттық ойындарда ойнатылды. Спорт түрінен өткен ойындарда көпшіліктің көңілінен шығып жатты. Ұлытаулықтар ұлттық спорт ойындарына біркісідей атсалысты. Мықтылар желке тартыста мықтылығын танытса, білекті жігіттер қол күресте күш сынасты. Арқан тартыс, асық ату, садақ ату ойындарына жиналған қауым кезекке тұрып, тартысты ойынның көрігін қыздырды. Желке тартыста бірінші орынды Олжас Манат жеңіп алды. Қол күресте Ерғалы Әмірғали жүлделі бірінші орынға иемденді. Асық, садақ ату сайысында Қалдыбек Махмұт, Мейржан Асанов жеңімпаз атанды. Арқан тартыста ауданның Өрт сөндіру бөлімінің жігіттері бірінші орынның биігінен көрінді.

Іс-шара соңында тойға арнап тігілген киіз үйлердің иелеріне аудан әкімінің орынбасары Алмат Сакипов жылы лебізін білдіріп, сый-сияпаттарын табыстады.

Қысқаша қайырганда, Наурыз мейрамы аудан орталығында есте қаларлықтай жоғары деңгейде өтті. Көпшілікте риза болып тарқасты.

Қайрат ЖҰМАБАЙ

Сол күні орталық алаң мерекелік думанның ордасына айналды. Еңселі сахнаны қазақы рух кернеді. Әсем ән қалықтап, әуезді күй күмбірледі. Мерейі асып, мейманасы тасыған халықтың көңілі де көтеріңкі болды. Бәрінің жүздері жарқын, қуанышында шек жоқ. Жасы да мез, жасамысы да мез. Күн райы да жылылық танытты. Айналаға көгілдір көктем шұғылалы шуағын сездіргендей болды. Күннің сәулелі әсері жұрттың еңсесін тіктеп, көңілін жадыратқан сыңайлы. Орталық алаңға жиналған жұртшылық бір-бірімен құшақ жая амандасып, көріспегені көрісті, табыспағаны табысты.

Той шымылдығы Нұрғиса Тілендиевтің «Көш керуені» күйімен түрілді. Күй ырғағымен Наурыз шеруі бастау алды. Алқалы топтың алдын Қыдыр ата бастап қалың қауымға ақ батасын берді. Шеру сапында ән әуені ырғағымен тербелген Наурыз гүлінің бейнесі сомдалды. Жалпы, Ұлытау ауылының ақсақалдары түгелдей шеру сапында болды. Оның

соңын әжелер жалғастырып «Құт дарысын» деп айналаға ақ бүркіп, дүниенің құпия сырын сара көңілмен тани білген халқымыздың ұлттық рәсімін жасады. Әжелер шашу шашты. Қыз-келіншектер көрермендерге наурызкөжені үлестірді.

Осы тұста, Ұлытау ауданының әкімі Аманжол Мырзабеков бастаған топ сахна төріне көтеріліп, жұртшылықты ұлық мейрамымен құттықтады.

– Елімізде Тәуелсіздік алған уақыттан бастап, Наурыз мейрамының маңызы арта түсті. Жыл сайын ұлық мерекені атап өту дәстүрге айналып келеді. Бекем бірліктің, татулықтың шынайы көрінісін айшықтайтын мейрам – осы Наурыз мерекесі. Бұл – молшылықтың, берекенің, ынтымақпен ырыстың мейрамы. Мерекеге аудан жұртшылығы үлкен дайындықпен келді. «Наурызнама» онкүндігі аясында жоспарға сай, салт-дәстүрлеріміз, ұлттық спорт ойындарымыз насихатталып, мәдени және спорттық іс-шаралар ұйымдастырылуда. Мұның барлығы бабаларымыздан қалған салт-дәстүр. Біз сол дәстүрді

жаңғыртып жатырмыз. Келешекте де жалғастыра береміз, – деді аудан әкімі. Одан кейін құттықтау легін аудандық мәслихат төрағасы Ахат Құрмансейітов пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Төшенов жарасымды жалғастырды.

Ынтымақ пен берекеге үндейтін мереке ажарын жергілікті өнерпаздар «Наурыз-береке бастауы» атты концерттік бағдарламамен көріктендірді. Әншілері әнмен, күйшілері күймен сусатты. Өрімдей қыздар мың бұрала би билеп, сахнаның сәнін келтірді. «Ақ әжелер» ансамблі тақырыптық мазмұнда дәстүрлі әндерді шырақды. Осылайша, сол күні шырқалған барлық әндер Наурыз тойына арналды.

Ұлық мейрамды мерекелеуге жиналған халықтың қарасы да қалың болды. Орталық алаң көрерменге лық толды. Абай көшесі бойына тігілген ақбоз үйлердегі көл-көсір жайылған дастарқан үстіндегі тағамдардан қараша халық қалауынша ауыз тиіп жатты. Олардың қатарында тыл және еңбек ардагерлері де болды. Дастарқанға қазы-қарта, жал-жая,

ұлттық сусындар қойылды. Он бес ақбоз үйде қыз-келіншектер ұлттық тағамдар мен наурызкөжелерін ұсынып, қонақтарға меймандос көңілмен қонақжайлылық танытты. Ақсақалдар ақ батасын беріп, келер күннен тек тыныштық тілеп, бірлігі мен берекесі арқан елдің шырайлы мерекесі көп бола берсін деген игі тілегін айтумен болды.

Ізгілікке толы мерекеден аудан әкімі Аманжол Батырбекұлы бастаған топ ақшаңқан үйлерді аралап көрді. Киіз үйлердегі Ұлытау халқымен әкім емен-жарқын әңгімелесіп, Наурыз тілегін жеткізді. Осы жолы ұлытаулықтар қонағына дәмді асын ұсынатын игі дәстүрді өте жақсы көрсетті. Дастарқан үстіндегі құрт, ірімшік, түрлі тәттілер, нан тағамдарының неше түрі, наурызкөженің молдығы ауыл тұрғындарының жақсы дайындықпен келгенін байқатты. Өсіресе, киіз үйлерде ұлттық құндылықтар кеңінен көрініс тапты. Ертеден бүгінге дейін жеткен түскііз, текемет, сырмақтар, кебезелер ақшаңқан үйлерді көріктендірсе, құнды жәдігерлер қойылған



Директор
Жалғасқан ҚҰРМАНСЕЙІТОВ



«Ұлытау аудандық
«Ұлытау» газеті редакциясы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редактордың міндетін атқарушы
Қайрат ЖҰМАБАЙ

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: инд: 200006
Ұлытау облысы, Ұлытау ауданы,
Ұлытау селосы,
Абай көшесі, 22-үй.
Тел: 2-13-72; 2-11-22
эл.пошта: ulytau-oniri@mail.ru

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газетке Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің Мәжіліс баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы 04.02.2022 жылы №КЗ80VPY00045634 куәлігі берілген.

Газет «Ұлытау» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Сәтбаев көшесі, 15 үй.

Хабарландыру мен құттықтаулардың мазмұнына редакция жауап бермейді. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады,
Таралымы – 1000 дана
Көлемі – 4 баспатабақ
Тапсырыс – 12